

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Айгөлек»шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 31.10– 03.11.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №2 «Макарон моншақтар» Шарты: Балаларға макароннан моншақ жасауды үйрету. моншақтарды жіпке тізбектейді.	Картотека №4 Түрлі түсті жолақшалар. Шарты: Балаларды ұзын – қысқа, түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.	Картотека №5 Түрлі түсті маталар. Шарты: Мата қиындылары арқылы түстерді топтайды.	Картотека №6 «Таныс пішіндер доминосы» Шарты: Геометриялық пішіндерден көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру	Картотека №7 «Балықты ұста» Мақсаты: балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қараша айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!</i>	<i>Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.</i>	<i>Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын</i>	<i>Достарым, кең тұрыңдар, Бақыт сонда ұғыңдар. Қол ұстасып, күліпдеп Шаттық шеңбер құрыңдар</i>	<i>Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Таңғажайып сәт: (Микроб қонаққа келеді) Микроб: Сәлеметсіздер ме, менің әлсіз де, кішкентай	Қызығушылықты ояту. Балалар сендерге саяхатқа барған ұнайма? Балалар: Ия Ендеше мына пішіндерден	Суреттер бұрышы, суреттер қарау. Тосын сәт. Аудио дыбыс. Телефон	Проблемалық жағдай: Киім ауыстыратын бөлменің бұрышында киім-кешек шашылып жатыр.	Қызығушылықты ояту. Бүгін біздің топтан мен қорап тауып алдым. Оның ішінде не бар деп

<p>балаларым. Мен микроб деген патшаларың боламын. Сендер мені күттіңдер ме? Мен жеміс-жидектерді жумай жейтін балалардың қасында жүргенді ұнатамын.</p> <p>Тәрбиеші: Біз сізді шақырған жоқпыз. Біз, балалар, жемістерді жақсылап жуып, тазалап жейміз ғо иә?</p> <p>Балалар: Иә, апай!</p> <p>Микроб: Сіздер менімен қалай күресу керек екенін біледі екенсіздер. Менімен дос болмасаңыздар, мен сіздерді сиқырлап тастаймын.</p> <p>Балалар: Біз сіздің сиқырыңызға сиқырланбаймыз. Сізбен қалай күресу керек екенін білеміз. Жеміс-жидек пен көкөністерді жуып-тазалап көп жейміз. Біздің денсаулығымыз күшті.</p> <p>Біз жаттығу жасаймыз.</p> <p>Таяқшамен таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу - Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» - Таяқшаны айналып секіру және жүру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы Араның дыбысын салу. -3-3-3</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дәрумендерді ажырат»</p> <p>Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету, дәрумендердің адам</p>	<p>автобус құрастырып, жолға шығайық.</p> <p>Ой қозғау. Автобусты қандай пішіндерден құрастырдық? Түстері қандай?</p> <p>Ән аудио жазба ойнату. Автобус қатты жүріп келеді, көзімізді жұмамыз. Автобус тоқтады, міне орманға келдік.</p> <p>Тосын сәт. Орманда кішкентай үй тұр. Балалар мына үйде кім тұрады есігін қағып көрейік. Ешкім жоқ. Бірақ есігінде көптеген қалташалар тұр.</p> <p>Аудио дыбыс қосу. Сендер кімсіңдер, біздің орманда неғып жүрсіңдер. Біз орманның кішкентай тұрғындары, орманға ешкімді кіргізбейміз.</p> <p>Тәрбиеші: АУУУ(екі қолынмен аузын жауып) Біздің балалар орманға қонаққа келді, біз орманды көргіміз келеді.</p> <p>Аудио: Онда ана қалташаларды алыңдар. Әр қалташаның тапсырмасын орындап жүру керексіңдер. Жарайды.</p> <p>Балалар мына қалташаларды алып тапсырма орындаймыз</p> <p>1-қалташадағы тапсырма: Орман бізге не үшін керек? Орман – құстар мен жануарлардың мекені.</p>	<p>шырылдау. Құрметті балалар мен Орманы атаймын. Күз келіп, күн суыта бастады. Сендерге қыс мезгілі болғанда орманға келу қиын болады. Мен сендерді орманыма серуендеп келуге қонаққа шақырамын.</p> <p>Шапалақ әдісі, қуану. Балалар бүгін бізде ерекше қызықты күн болады .</p> <p>Неге екенін білесіңдер ма? Өйткені біз орманға шақыру қағазын алдық.</p> <p>Ой дамыту. Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? «Орман дегеніміз неше түрлі ағаштар өсетін жер Бұл жерде әртүрлі жабайы аңдар мекендейді, саңырауқұлақтар мен жидектер өседі. Орманда күн сәулесі аз, өйткені онда көптеген ағаштар өседі .</p> <p>Қызығушылықты ояту. Балалар менің телефоныма Орманы атай орманға кіретін сиқырлы сөздер жіберіпті</p> <p>Балалар сендер біздің орманға тек сиқырлы түрде кіре аласыңдар, мен оны сендерге жібердім.</p> <p>Сиқырлы сөздерді айтайық : Бір, екі, үш иілу Бір, екі, үш айналу Бір, екі, үш секіру</p>	<p>Балалар не істеу керек? Балалардың жауаптары: орнына жинау керек.</p> <p>Дид ойын:Киім жинауға көмектесеміз»</p> <p>Шарты: Балалар киімнің атын атап. орнына іліп қояды.</p> <p>Педагог балалардың назарын бір-біріне арқасын қойып отырған қуыршақтарға аударады.</p> <p>Біздің қуыршақтарға не болып жатыр?</p> <p>Балалар: Олар бір-біріне ренжіген.</p> <p>Оларды қалай татуластыруға болады? Құшақтасу, қол алысу, кешірім сұрау, бір-біріне күлу арқылы татуласады.</p> <p>Басқа қалай татуласуға болады? -Бірге ойнауға.</p> <p>Қуыршақтарға «Киімді шкафқа сал» ойынын ойнауға үйретеміз бе?</p> <p>Қане біз жұптасып ойнаймыз.</p> <p>ойынға жұп таңдау.</p> <p>Шарты: Шкафтағы сөрелер әртүрлі түстерде екенін есте сақтаңдар және біз сөремен бірдей түсті киімдерді таңдаймыз.</p> <p>Көйлектің аты қандай, түсі қандай?</p> <p>1-ші бала: Бұл қызыл көйлек.</p> <p>2-ші бала: Бұл жасыл шорт және т.б.</p>	<p>ойлайсыңдар? Мүмкін бос шығар? Ашпай-ақ айта аламыз ба, оны қалай анықтауға болады? Ол ауыр ма, жеңіл ме? Жайлап ашу. Қараңыз, иә, мұнда бірдеңе жазылған. Бірақ мына жерге қараңыз, тек қағаз емес... Басқа нәрсе де бар. Бұл не? Көрсету. (мата) Ал матадан не тігіледі? (киім) Киімнің қағаздан емес, матадан неге тігетінін білеміз бе? Сендер Ғалым болғыларың келе ме? Сонда біз ғалымдарға айналуымыз керек: Қане сиқырлы таяқшамен ҒАЛЫМҒА айналайық.</p> <p>Тәжірибе алаңы. Біздің зертханада не көріп тұрсыңдар? (үстел, қағаз, шүберек, су, т.б.) Үстел үстінде мата мен қағаз жатыр, анықтап көрейік</p> <p>Тәжірибе №1. Балалар, айтыңдаршы, қағазды матадан қалай ажыратамыз? Енді алдымен қағазды алыңдар. Ол қандай? (қатты, судырлақ, тегіс).</p>
--	--	--	--	---

<p>ағзасына қандай пайдасы бар екендігін айту. Түсінік беру.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, бізге хат келген сияқты. Қарап көрейікші. Бәріміз экранға назар аударайық. Балалар, бізге балабақшамыздың дәрігері не айтар екен, тыңдап көрейік.</p> <p>Ой, ой, ой мен кеттім, мен кеттім микорп қашып кетеді.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>АҚТ технологиясымен жұмыс. (Балабақшаның дәрігері көкөністер мен жемістерді қалай жеу керектігі туралы айтып береді)</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Дәрумендер – тірегің, ABC деп аласың. Жетіспесе бірі оның, Ауырып сен қаласың.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, дәрумендер тек қана жемістер мен көкөністерде болмайды, сонымен қатар дәрігер апайларымыз арнайы дәріханаларда дәрумендер жасап шығарады.</p> <p>— Балалар, өзіміздің жеке дәріханамызға барып арнайы киімдерімізді киіп, дәрумендерді жасап берейік. Мүсіндеу. (Сары ермексаздан дөңгелек тәрізді пішіннен түрлі дәрумендер жасайды).</p> <p>Ғалымдар бұрышы.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>Енді жемістерді зертханамызда зерттеп көрейік.</p>	<p>Орман бізді қатты және суық желдерден қорғайды.</p> <p>Орман бізге құрылыс материалдарын береді.</p> <p>Орман бізге таза су мен ауа береді.</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p>2-қалташадағы тапсырма</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Болады, болмайды»</p> <p>-Ағаштар мен бұтақтарды сындырамыз. (болмайды)</p> <p>Көбірек ағаш отырғызу (болады)</p> <p>Шалғындарда серуендеу және гүлдерді таптау (болмайды)</p> <p>Тек жолдармен жүру (болады)</p> <p>Орманға қоқыс қалдыру (болмайды)</p> <p>Орманда от жағу (болмайды)</p> <p>Орманға қалай көмектесеміз?</p> <p>Балалар: Қоқысты шығару керек.</p> <p>3-қалташадағы тапсырма</p> <p>Дидактикалық ойын: «Белгілерді ата»</p> <p>Шарты: диалогтік сөйлеуді дамыту.]</p> <p>Мольбертте күзгі пейзажды бейнелейтін сюжеттік картина қойылған.</p> <p>Суретте қай жыл мезгілі көрсетілген?</p> <p>1-бала. Күз мезгілі. күн салқын.....</p> <p>2-ші бала. Жаңбыр жауып</p>	<p>Ал сен ормандасың.</p> <p>Ғажайып сәт</p> <p>Ой балалар мынау орманы атайдың кофе ішетін үселі.</p> <p>Көрдіңдер ме ыдыстарымен кофе тұр. Үстелін дастарханмен жауып қойған. Мына жерге үш конверт тастап кетіпті. Бұл конвертте тапсырмалар бар екен. Ашып оқу. Тапсырмаларды орындасаңдар орманда қыдыруға жол ашылады диді.</p> <p>1-Тапсырма:</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Ағаштар дұрыс киінсін»</p> <p>Шарты: Ағаштар неден бастап өседі ретімен құрастыру.</p> <p>(тамыр, дің, бұтақ, жапырақ)</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>Енді біздің орманда үлкен зертхана бар. Сендер ғалым болғыларың келе ме?</p> <p>Тәжірибе бұрышы.</p> <p>№1 тәжірибе</p> <p>Мен ағаш пен темір заттарға шеге қағып не болатынын көреміз.</p> <p>Мен Кубикке шеге қағамын. Шеге ағаш кубикке оңай кірді ме? (иә)</p> <p>Ал енді мен темір кубикке шеге қағамын. Не болды. (Жоқ).</p> <p>Қортынды: Сондықтан ағаш металлға қарағанда</p>	<p>Соңында балалар тапсырманың дұрыстығын бір-бірін тексереді.</p> <p>1, 2, 3 - ойынды бастау.</p> <p>(Музыкамен)</p> <p>Қызықты ойын үшін қуыршақтар балаларға алғыс білдіреді.</p> <p>Жарайсыңдар балалар, керемет жұмыс жасап, шкафтағы заттарды ретке келтірді.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Көңілді сыйлық»</p> <p>Сұрақ –жауап. Үстелдің үстінде не жатыр? майлықтар, желім, картоннан кесілген 2 көйлек силуэттері бар.</p> <p>Қане қуыршақтарға өз қолымызбен сыйлық жасаймыз.</p> <p>Көйлектерді түрлі түсті гүлдермен безендіріңіз.</p> <p>Балаларды топқа бөлу.</p> <p>1-топ: Көйлекке гүлдерді жапсыру.</p> <p>2-топ: Көйлекке гүл салу, бояу.</p> <p>3-топ: Майлық үстіне қуыршаққа ермексаздан кофет жасау.</p> <p>4-топ: Қуыршақтарға сыйлыққа гүл құрастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Музыкалық қалпақ»</p> <p>Шарты: музыка ойнай бастайды, ол ойнап жатқанда, сіз қалпақты айналдырасыз. Музыка</p>	<p>Оны мына қызыл қорапқа салыңдар</p> <p>Енді матаны алайық..</p> <p>Ол қандай? жұмсақ, жылы. Оны жасыл қорапқа салыңдар.</p> <p>Тәжірибе №2</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>Қағаз мен мата сөйлей алады ма?</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, қағаз бен мата сөйлей алатынын білгілерің келе ме?</p> <p>Балалар: Иә!</p> <p>Тәрбиеші: Бірақ ол үшін бізге үнсіздік керек.</p> <p>Тәрбиеші: Біз тыныш отырамыз, алдымен қағаздан жасалған орамалды аламыз, оны мыжып бастаймыз. Сіз не естисіз? Тәрбиеші: Дұрыс, сыбдырлайды.</p> <p>Енді матадан жасалған орамалды алыңыз, біз оны мыжып бастаймыз. Тыңдаңыз, мата сөйлей ме? Сіз бірдеңе естисіз бе?</p> <p>Балалар: Ештеңе!</p> <p>Қортынды: матадан жасалған орамал сөйлемейді, дыбыс шығармайды, бірақ қағаз орамал сыбырлайды. Қайсы киім жақсы? Қағаздан ба, матадан ба?</p> <p>Сергіту сәті.</p>
--	---	--	---	--

<p>Тәжірибе № 1 Педагог үстелге жемістерді қояды: апельсин, мандарин, лимон, банан, алма. Тәрбиеші: Біздің дастарханда түрлі жемістер бар. Олардың атын атап көрейік. Барлық жемістер әртүрлі. Олар қалай ерекшеленеді, қандай негіздер бойынша топтастыруға болады? 1. Қараңыздар, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме (дөңгелек, сопақ)? 2. Түсі бойынша (қызыл, сары, жасыл)? 3. Көлемі бойынша (үлкен және кіші)? 4. Иісі бойынша? 5. Қабықтың құрылымы бойынша (кеуекті және тегіс)? Қортынды: Жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне, иісіне, қабығының құрылысына қарай топтастыруға болатынын білдік. Тәжірибе № 4 «Сиқырлы лимон». Біз үлкен шыныаяққа жылы шай дайындаймыз, Екі стаканға құйамыз. Стакандардың біріне лимон шырынын сығыңыз. Қасықпен араластырыңыз. Шай түсінің қалай өзгергенін бйқауға болады.. Балалар, біз сендермен тәжірибе жасадық: апельсин суға батады, батпайды, жүзім</p>	<p>тұр, адамдар резинка етік 3-ші бала. Құстар жылы жаққа..... 4-ші бала. Жапырақтары түсіп жатыр. Жапырақтардың түсі..... Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Ағаштар 2-топ: Сары жапырақтар 3-топ: жасыл жапырақтар 4-топ: Бұтақтар 1-Топ: А3 форматта ағаштарды құрастыру 2-топ: Ағаш діңін бояу. 3-топ: Ағаштың сол жағына сары жапырақтарды ермексаздан жапсыру. 4-топ: Ағаштың оң жағына сары жапырақтарды қиып жапсыру. «Күзгі орман» әнін айтып бақишамаызға қайтайық. Қортынды Ағаш жапырақтары күз мезгіліндегі қандай түске енеді? Балаларды мадақтау. Музыка Тақырыбы: Қызыл, жасыл, көкшар Кімдеқандай түсті шар? Қызыл, сары, көк шар, Қолымызда көп шар Әуеде қалқиды, Әніміз шалқиды. Музыкатың дау: Балалар, сендер шармен</p>	<p>жұмсақ, оған шеге тез кірді. Металл ауыр, қатты. №2 «Бату - батпау» тәжірибесі Ағаш суға батады ма, жоқ па? тәжірибе жасап көрейік Бір қолымызға ағаш, екінші қолымызға тас алайық. Олардың салмағы қандай? Ағашты суға салайық. - Не көріп тұрмыз? Батып кетті ме? Ал енді тасты суға салайық. Ағаш туралы не айта аламыз? <u>Балалар:</u> ағаш жеңіл, суда жүзеді. Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адам осы қасиетті пайдаланады. - адамдар ағаштан қайық, кеме жасайды. Дидактикалық ойын: «Ағаш достары» Шарты: Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру. 2-топ: Салынған А3 форматта ағаш макетіне Күн суретін жапсыру. 3-топ: Ағашқа ағып жатқан суды бояу. 4-топ: Ағашқа ермексаздан</p>	<p>тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді. Дид ойын: «Шатастырма» Шарты: Жағдаяттар бойынша ойлану.. • Жазда түкті қалпақ кисеңіз не болады? • Қыста шорт пен футболка киіп жүрсеңіз не болады? • Жаңбырда тәпшіке киіп алсаңыз не болады? • Бістықта панаманы кимесеңіз не болады? • Желді ауа райында бас киімсіз жүрсеңіз не болады? • Егер сіз суықта қолғапсыз жүрсеңіз не болады? Дидактикалық ойын: «Қарсы сөзді айт» Педагог сөздерді атайды, ал балалар керісінше айту керек. Таза - ... (лас) Умаж - ... (үтіктеу) Жаңа - ... (ескі) Кию - ... (иешу) Ақ- ... (қара)</p>	<p>Музыкамен. «Көңілді күн» Тәжірибе №3. Қағаз мен матаны тегістеу. Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, орамалымыз умаж болып кеткен, енді оларды түзеп көрейік. Алдымен қағаз орамалды қолыңызбен тегістеңіз. Сіз оны тегістей алдыңыз ба? Иә, дұрыс айтасың! Қағаз орамалдың мыжылғаны онша, түзелмейді. Қолымызбен матадан жасалған орамалды тегістеп көрейік. Не болды? Балалар: Бұл тегістеледі! Қортынды: Дұрыс, матадан жасалған орамал тегістелгенде түзеледі.</p>
---	---	--	---	---

<p>жүзеді, лимон шырыны түсін өзгертеді. Ең бастысы, жемістер біздің денемізге көмектеседі: олар пайдалы қоректік заттармен қамтамасыз етеді, соның арқасында дене күшті және сау болады.</p> <p>Дені сау дене микробтар мен аурудан қорықпайды.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы ағаш жемісін тап» Шарты: Берілген ағаштың жемістерін табу.</p> <p>Алма ағашы мен апельсин ағашын құрастыру.</p> <p>1-Топ: Дид ойын: «Қай жеміс» Шарты: Жемісті бояу арқылы табу. Ағаштағы апельсинді бояу.</p> <p>2-топ: «Көлеңкесін тап» Шарты: Ағашта тұрған жеміс көлеңкесіне өз жемісін жапсыру. Балаларды мадақтау.</p> <p>Денешынықтыру Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу, төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жсалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау.</p>	<p>ойнағанда қуандыңдар ма? Олай болса, мына әуенді біргетыңдапкөрейік.</p> <p>«Қуанамын»(М.Ержанов,өңд егенА.Исакова).</p> <p>Әнніңкөңілжүйіменсипатынабалалардыңкөңілінаудару.</p> <p>Әнайту:«Шар»(Б.Дәлденбаев,Ж.Әбдірашев).</p> <p>Әндіорындап,көңілді,ойнақыорындалатынынтүсіндіру.Әнніңәуенінбірнешеретқайталап, үйрету.Балаларғаәнмазмұнынәсәйкесбиқимылдарынжасарудыұсыну.</p> <p>«Әуедеқалқиды»дегенжерде шарларынқалықтата бұлғауыкерек.</p> <p>«Торғай»(А.Райымқұлова)әнін қайталау,еске түсіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар:«Кішкентайби»(Н.Александрова). Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуғаүйрету.</p> <p>Өткен ҮІӘ-де үйренген таныс әндердіқайталау, еске түсіру. Әннің сипатына сайбіргеқосыла,дауысқақұшты үсірмей,мазмұнын түсінеорындауғаүйрету.</p> <p>«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны («Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан)Балалармузыкалық аспаптардың дауыстарынажыратады.</p> <p>Әнніңкөңілжүйіқандай?</p>	<p>сары жапырақтар мүсіндеп жапсыру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: Ауамен демаламыз</p> <p>Қортынды: Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді: «Орман әлемін сақтаңдар Бұтақтарды сындырмаңдар, Бізге су құюды ұмытпаңдар, Бізді баспаңдар» деп айтар еді.</p> <p>Сиқырлы сөздерді айтайық :</p> <p>Бір, екі, үш иілу Бір, екі, үш айналу Бір, екі, үш секіру Ал сен бақшадасың</p> <p>Денешынықтыру Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу, төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жсалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау.</p>	<p>сары жапырақтар мүсіндеп жапсыру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: Ауамен демаламыз</p> <p>Қортынды: Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді: «Орман әлемін сақтаңдар Бұтақтарды сындырмаңдар, Бізге су құюды ұмытпаңдар, Бізді баспаңдар» деп айтар еді.</p> <p>Сиқырлы сөздерді айтайық :</p> <p>Бір, екі, үш иілу Бір, екі, үш айналу Бір, екі, үш секіру Ал сен бақшадасың</p> <p>Денешынықтыру Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу, төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жсалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау.</p>		
---	---	--	--	--	--

<p>Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау. /5 рет қайталау/</p> <p>3. Аяқтарын ашық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау.</p> <p>Б.қ.: «Отыр-тұр»</p> <p>5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (5 рет қайталау.)</p> <p>6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 5 рет қайталау/</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимылдарды орындау:</p> <p>1. Қақпа арқылы (ені – 60 см) допты домалату, екі қақпа мәреден 1 метр қашықтықта. Нұсқау – допты екі қолмен жігерлене итеру.</p> <p>2. Екі аяқпен алға қарай секіру. Балалар тұрған сызықтан 2 метр қашықтыққа сылдырмақтар салынған себетті қояды. Сылдырмақтарға дейін секіріп, сосын оны алып сылдыратуды ұсынады. Нұсқау – өзіне құлашын сермеп көмектесуге болады.</p>	<p>– Кімге қандай музыкалық аспап ұнады? Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.</p>	<p>Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау. /5 рет қайталау/</p> <p>3. Аяқтарын ашық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау.</p> <p>Б.қ.: «Отыр-тұр»</p> <p>5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (5 рет қайталау.)</p> <p>6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 5 рет қайталау/</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимылдарды орындау:</p> <p>1. Қақпа арқылы (ені – 60 см) допты домалату, екі қақпа мәреден 1 метр қашықтықта. Нұсқау – допты екі қолмен жігерлене итеру.</p> <p>2. Екі аяқпен алға қарай секіру. Балалар тұрған сызықтан 2 метр қашықтыққа сылдырмақтар салынған</p>		
---	--	--	--	--

	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз орныңа жылдам жет». Балаларға өз орнын табуға көмектеседі.		себетті қояды. Сылдырмақтарға дейін секіріп, сосын оны алып сылдырлатуды ұсынады. Нұсқау – өзіне құлашын сермеп көмектесуге болады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз орныңа жылдам жет». Балаларға өз орнын табуға көмектеседі.		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №3 Балабақша ауласындағы құстарды бақылау	Картотека №4 Күз мезгілінде желді бақылау	Картотека №6 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау	Картотека №7 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау	Картотека №11 Бақылау: Бұлтты бақылау.
Күзгі серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	№2 - Керуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.	№4 Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№5 "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп	№7 «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға –	№10 Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)

			жатыр" –қолды шапалақтау	төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.	Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Пішіндермен жұмыс. Геометриялық пішіндерді ата (Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек). Балалар пішіндердің атын атап, түсін айтады. «Жол салу» дидактикалық ойыны. Балаларға жолақша-жолдар, үйлер және машиналардың суреті бар суреттер үлестіріп беріледі. - Жолдардың қайсысы ұзын - Жолақшалардың ұзындығын бір-бірінің үстіне қою арқылы білеміз - Ұзын жолды көк үйге қоямыз, ал қысқа жолды қызыл үйге қоямыз - Машина қай жолмен үйге тез жетеді? Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Күн мен түн»	Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Жемістер топтау. - Алманың түсі, пішіні - Бананның түсі, пішін - Алманың тағы қандай түстері бар? - Алмұрттың түсі қандай? - Апельсин қандай? - Түстерімен топтастырып жинау. - Сары түтерді сары себетке - Жасыл түстерді жасыл себетке - Қызыл түстерді қызыл себетке жинаймыз Мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау. Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп. Көз тартады жалбырап	Денсаулық бұрышы Спорт – көркі өмірдің, Спорт-досың, серігің. Жаттықсаң шымыр боларсың, Шынығып, өсіп, толарсың Жалпы даму жаттығулары 1. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту 2. Б.қ. аяқты ашақтатып, қолды алға созып, отыру. 3. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалыпқа қайту 4. Аяқ сәл ашақтатылған, қол белде. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру Тыныс алу жаттығулары: «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. - Обручтан, обручқа секіру. Қимыл-қозғалыс ойын:	Итке үйшік жасаймыз. Тосын сәт. Дауыс (аудио) Есік қағылып ит келеді (жұмсақ ойыншы) ол өзімен бірге әртүрлі түсті текшелер ала келеді және онымен үйшік жасауға көмектесуді ұсынады. III. Ой дамыту. - Ит алып келген текшелердің түсін, пішінін сұрау. Үйшік жасау үшін қай текшеден бастаймыз Балалардың жұмысы. Бақылау. Итке үйшікті сыйлау. Ит балаларға рақмет айтып қоштасу. Дидактикалық ойын «Телефон» Шарты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізу.	Денсаулық бұрышы Біз бақытты баламыз, Шынығада аламыз Сәулетті елдің көгінде Шамшырақ болып жанамыз Доппен жаттығу. 1. Екі қолмен допты ұстап, алға созу. 2. Б.Қ. Допты қос қолмен ұстап, жоғары көтеру. 3. Б.Қ. Отыру. Допты қос қолмен ұстап, аяққа тигізу. 4. Б.Қ. Допты ұстап секіру. 5. Тыныс алу. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар. 1. Құрсаудан құрсауға секіре алады. Қимылды ойын: «Мені қуып жетіңдер» Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты: Күз мезгілі туралы суреттерге сөйлем құрау. Денешынықтыру Негізгі бөлім Жалпы даму жаттығулары. Сылдырмақтармен

			<i>«Қояндар мен қасқыр</i>	<i>жасалатын ЖДЖ. 1. «Сылдырмақтар қайда?» Балаларға еденге отырып, аяқтарын жинау ұсынылады, нұсқаушы көзін жапқанда балалар қолдарын созып сылдырмақтарды сылдырлатады. Нұсқаушы сылдырмақтар қайда сыңғырлағанын сұрағанда, олар сылдырмақтарды шапшаң арттарына жасырып, бос қолдарын көрсетеді. (4-5 рет қайталайды). 2. «Сылдырмақтар сылдырлайды!». Шалқасынан жатып сылдырмақты сылдырлатады, етпетінен аунап түсіп сылдырмақтарды сылдырлатады. Кезектеп аунайды. (4–5 рет қайталайды). 3. «Аяқтар мен сылдырмақтар». Б.қ. – аяқтарын алысқа қойып, созып, еденге отырады, сылдырмақтарды алдына қояды, қолдарын артына қойып еденді тірейді, аяқтарын бүгеді, аяғының ұшын</i>
--	--	--	----------------------------	--

					<p>сылдырмақтың қасына қояды. (4–5 рет қайталайды).</p> <p>5.«Сылдырмақпен билейік». Екі аяқпен секіреді және сылдырмақты сылдырлатады. (4- 5 ретқайталау).</p> <p>Негізгі қимыл түрлері: 1.«Сылдырмақты қағып кетпе». Тепе-теңдікке арналған жаттығу – еденге қойылған тақтайша үстімен жүру.</p> <p>2.Сылдырмақтарды жол бойына сызылған текшелер ішіне қойы, бір-бірінің соңыңнан бір қатарға тұрып жүру. (Тәрбиешінің соңынан жүру, қайталаған кезде сылдырмақтар арасынан имектелген жолмен жүру. (2-3 ретқайталау)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Менің көңілді добым». Тәрбиеші қолымен доп лақтырған секілді қимыл жасайды Менің добым көңілді Қайда кеттің секіріп? Сары, ақ, көгілдір Қашпа менен секектеп, Тұра қалшы сен енді. «Тұра қалшы сен енді» деген сөздерден кейін бір</p>
--	--	--	--	--	---

					баланың атын атап, «қағып ал!» дейді. Мысалы, «Мәдина , қағып ал!» дегенде, Мәдина допты қағып алуы керек.
Балалармен Жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	Картотека №3 <i>Балабақша ауласындағы құстарды бақылау</i>	Картотека №4 <i>Күз мезгілінде желді бақылау</i>	Картотека №6 <i>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау</i>	Картотека № 7 <i>Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау</i>	Картотека № 11 <i>Бақылау: Бұлтты бақылау.</i>
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың Үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың әжеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Айгөлек»шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 06.11– 10.11.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №3 «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.	Картотека №5 «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.	Картотека №2 «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.	Картотека №4 «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.	Картотека №1 «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.
Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Аспан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Тереземнен көріп тұр.</i>	<i>Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды</i>	<i>Көк аспанда күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын.</i>	<i>Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын.</i>	<i>Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз</i>

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет

Қызығушылықты ояту.

Балалар сендерге саяхатқа барған ұнай ма? Балалар: Ия. Ендеше мына пішіндерден автобус құрастырып, жолға шығайық.

Ой қозғау.

Автобусты қандай пішіндерден құрастырды?

Түстері қандай?

Ән аудио жазба ойнату.

Автобус қатты жүріп келеді, көзімізді жұмамыз. Автобус тоқтады, міне орманға келдік.

Тосын сәт.

Орманда кішкентай үй тұр. Балалар мына үйде кім тұрады есігін қағып көрейік. Ешкім жоқ. Бірақ есігінде көптеген қалташалар тұр.

Аудио дыбыс қосу. Сендер кімсіңдер, біздің орманда неғып жүрсіңдер. Біз орманның кішкентай тұрғындары, орманға ешкімді кіргізбейміз. **Тәрбиеші: АУУУ** (екі қолынмен аузын жауып) Біздің балалар орманға қонаққа келді, біз орманды көргіміз келеді.

Аудио: Онда ана

қалташаларды алыңдар. Әр қалташаның тапсырмасын орындап жүру керексіңдер. Жарайды.

Балалар мына қалташаларды алып тапсырма орындаймыз

1-қалташадағы тапсырма:

Орман бізге не үшін керек?

Орман – құстар мен жануарлардың мекені.

Дидактикалық ойын

«Апандағы аю»

Міне, алдарыңызда сурет.

Онда не бар? Шырыша, оның астында аюдың ұясы.



(Балалар мәтін бойынша сәйкес силуэт суреттерін өңдейді). Аю серуендеуге шықты. Міне қонаққа күн де келді. Күнді қолымызға алып, оны парақтың жоғарғы жағына жапсырамыз. Аю ағашқа көтерілді. Жоғары шыға бергенде ол құлап қалды. Аю: «ж-й-й» деп айқайлады. Аспанда бұлт пайда болды. Ол күнді жауып жұлпып әкетті. Кірпіден бір тастады. Ауа райы бұзылып, аю ұясында бүйіріне жатып қалды. Осы кезде бұлттан жаңбыр жауды:



Саусақ жаттығуы.

«тамшы-тамшы-тамшы».

Жаңбыр тамшылары сияқты саусақтарыңызды үстелге


Ойын массажы «Кірпі серуендейді»

Кірпі орман арқылы, орман арқылы жолсыз жүреді. Ол тікенектерімен қорғанады (Тікенді доппен аяққа, қолға, денеге массаж жасаймыз)

Тыныс алу жаттығуы

«Жапыраққа үрлеу»

- Орманда кірпі жүгіріп өтті, тоқтады, тыңдады. Кенет ағаштан күзгі жапырақ түсіп, дәл кірпінің үстіне қонды. Кірпінің үстіне жапырақ қою



Жел соғып, жапырақты жұлпып әкетті. Кірпіден бір жапырақ түсіп қалды.

Дидактикалық ойын: «Кірпіге төсек жасап берейік»

Шарты: Геометриялық пішіндермен көрпені жасау.

Аудио қосу.

Дидактикалық ойын: «Кірпіге тәрелкені безендір» саусақ суреті

Шарты: Балалар табақты дақтармен безендіреді, оларды дөңгелек пішіннің ішіне ішкі шеңберге

Ертегілер әлемі бұрышына саяхат.

Екі ашкөз аю ертегісін АҚТ технологиясы бойынша түсіндіру.

«Көлеңкесін тап»

дидактикалық ойын

- Қара көлеңкеге өз суретін жапсыру



- Парақтың екі жағына бір-бірден екі аюды қойыңыз. Қарашы, міне, сыр, міне, күн. Олардың пішіні қандай? Дөңгелек. Олардың мөлшері қандай? Бірдей. Олар қандай түсті? Сары. Күнді аспанға салып, Сырды діңгекке сал.



Дидактикалық ойын «Қонжықтарға арналған сэндвичтер»

Ермексаздан нан тілімдерін алу. Ең үлкен кесек, ортаңғы бөлік, кіші бөлік қайда?


Қызығушылықты ояту.

Хат келу

Құрметті балалар біз сіздерді өзіміздің Циркке қонаққа шақырамыз. Балалар саяхатқа барған ұнай ма? Ендеше мына сиқырлытаяқшамен циркке барамыз.

Дидактикалық ойын: «Цирк шатырының құрылысы»

Балалар геометриялық пішіндерден цирк шатырын салады. Пішіндердің (шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және олардың түсін атау.



Дид ойын:

«Цирк аренасында»

-Пілді үлкен тұғырға отырғызайық. Ал енді арыстанды шағын шкафқа

орналастырайық. Жылқыны айналдуға жіберейік. Маймылды әткеншекке отырғызу. Санау таяқшаларынан баспалдақ құрастыру.


Орман бізді қатты және суық желдерден қорғайды.
Орман бізге құрылыс материалдарын береді.
Орман бізге таза су мен ауа береді.

Жарайсыңдар!

2-қалташадағы тапсырма:

Дидактикалық ойын: «Қасқырға бутерброд»

Шарты: Ал қасқыр бутербродты жақсы көреді. Ол әртүрлі салмасы бар бутербродтарды көп жейді. Енді біз қасқыр бутербродтары немен толтырылғанын анықтаймыз. Атау.



Ермексазды жұмсарту, есу арқылы ішіне салмасын салып бутерброд дайындаймыз.

3-қалташадағы тапсырма:
Дидактикалық ойын: «Кірпі және саңырауқұлақтар»

- Кірпі саңырауқұлақтарды жақсы көреді. Үлкен саңырауқұлақтарды үлкен кірпіге, ал кішкентай саңырауқұлақты кішкентай кірпіге жабыстырамыз

соғамыз.
Жаңбырдан кейін саңырауқұлақтар өсіп шықты. Екі саңырауқұлақ ағаштың қасына өтті. Ордан аю шықты, ол саңырауқұлақтарды жинады. Жаңбырдан кейін ағаштың астында қанша саңырауқұлақ өсті? Екі саңырауқұлақ.

Дидактикалық ойын: «Менің аюым»

Қарындашпен сурет салу
Аюдың құлағын, табанын, аузын сары түспен бояу.



«Аюды қолыңа ал» бий

Аю қонжықтарын алып олармен билейік.
балалар әннің сөзіне сәйкес музыкаға қимыл жасайды.
«Аю мен бал» дидактикалық ойыны
Алдарыңызда суретте аюлар.



Қанша аю? Үш аю. Аюлар

кіргізбей орналастырады.
Міне енді кірпіде қандай әдемі табақ бар.

Сергіту сәті: «Кірпі орманға серуендеуге кетті»
Кірпі жүрді, жүрді, жүрді, (Жаяу жүру)

Ол саңырауқұлақ тапты.
(Әр бала бір саңырауқұлақ алады)

Отырып, тамақтанып, әрі қарай жүрді.
(Отырып жүру)

Кірпі жүрді, жүрді, жүрді, (Жаяу)

Ол жапырақ тапты.
(әр бала бір жапырақ алады)


Қуанып секірді

Дидактикалық ойын: «Үлкен және кішкентай саңырауқұлақтарды жина» ойыны

- Қараңдаршы, жаңбырдан кейін орманда қанша саңырауқұлақ өсті. Үлкен саңырауқұлақтар бар, кішкентайлары бар.

Саңырауқұлақтарды көп жинап алайық, бірақ оларды әртүрлі себеттерге саламыз: үлкен саңырауқұлақтар үлкен себетке, ал кішкентай саңырауқұлақтар кішкентай себетке.

Дидактикалық ойын: «Бұршақ қосылған бәліш»
Тұзды қамырдан модельдеу




Енді нанның үстіне сәйкес өлшемдегі ірімшікті салу.

Және шұжықтың бөліктері.
Сергіту сәті. «Тар және кең жолмен жүру»
Жай қадамдармен тар жолмен жүріңіз. Ал кең жолмен адымдап қадамдар жасаңыз.

Дидактикалық ойын «Суреттегі бөліктерді біріктіріңіз»

«Міне, кесілген ірімшік»



Бөліктерді тұтас шеңбер алу үшін қосыңыз.

Дидактикалық ойын: «Қонжықтарға жол салу» құрылысы

Суретте жол ойыншық аюды үйге апаратындай етіп орналастырыңыз. Жол ағаштардың арасынан өте алмайды. Ағаштардың айналасынан жолды айналып өту керек..



- Циркте сайқымазақ бар. Ол күлкілі және бәрін күлдіруге тырысады.

Дидактикалық ойын: «Сайқымазақ»

-Қарашы, бұл сайқымазақ. Оны оны әдемі етейік.

Сайқымазақтың шашын, қалпақ жапсыру.




Дидактикалық ойын: «Көңілді сайқымазақ»

қысқышпен ойын
-Ал енді тағы бір сайқымазақ безендіруге көмектесеміз. Оған әдемі киім қыстырғыш жасасын жасайық.



– Біздің циркте мықты жігіт өнер көрсетеді.



4- қалташадағы тапсырма

Денешынықтыру

Негізгі бөлім

Жалпы даму жаттығулары.

Сылдырмақтармен жасалатын ЖДЖ.

1. «Сылдырмақтар қайда?»

Балаларға еденге отырып, аяқтарын жинау ұсынылады, нұсқаушы көзін жапқанда балалар қолдарын созып сылдырмақтарды сылдырлатады.

Нұсқаушы сылдырмақтар қайда сыңғырлағанын сұрағанда, олар сылдырмақтарды шатшаң арттарына жасырып, бос қолдарын көрсетеді. (4-5 рет қайталайды).

2. «Сылдырмақтар сылдырлайды!».

Шалқасынан жатып сылдырмақты сылдырлатады, етпетінен аунап түсіп сылдырмақтарды сылдырлатады. Кезектеп аунайды. (4-5 рет қайталайды).

3. «Аяқтар мен сылдырмақтар».

Б.қ. – аяқтарын алишақ қойып,

бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі. Және олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Ең үлкен аю, екіншісі кішірек, үшіншісі ең кішкентай.

Дидактикалық ойын: «Аю мен бөшкелер»

Міне, бал бөшкелері. Олардың қаншасы. Санау? Үш бөшке. Әр аюға бір бөшке. Тек оларды аюларға дұрыс таратып беру керек. Ең үлкен аю балдың ең үлкен бөшкесін алады, ал ең кішкентай аю ең кішкентай бөшкеге ие болады.

Сондықтан аюларға бал бөшкелерін дұрыс бөлу керек.



Жаттығу Аюды ботқамен тамақтандырамыз.

Ал аюлар ботқаны балмен жақсы жейді. Мұнда аюларды ботқамен тамақтандырыңыз.

Балалар қасықпен кастрюльден жарма алып, аюлардың аузына салады.

(Картоннан жасалған аюдың макеті, аузы ойылған саңылауларына жарма құяды.)

Қим ойын: «Аюмен ойнау»
Аю түрлі-түсті доптармен

Домалақ пішінді қамырдан балалар торт жасайды (оны жоғарыдан алақандарымен басады). Содан кейін бұршақтар тортқа басылады. Балаларды мадақтау.

Денешынықтыру

Негізгі бөлім.

Шеңбер бойымен тұрып доппен орындалатын жалпы даму жаттығулары.

Б.қ.: «Жоғары – төмен»

1. Аяқтары алишақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау «жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту. /5 рет қайталау./

Б.қ.: «Айдаһардың құйрығы»

2. Аяқтар алишақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу. /5 рет/

Б.қ.: «Дәл тигіз»

3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу

Сол жақ тіземенде қайталау. /5 рет қайталау/

Б. қ.: «Доп қашты»

4. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру. /10-15 секунд/

Би жаттығуы: «Біздің қонжықтар осылай билейді»

Балалар әннің сөзіне сай музыка әуенімен қимылдар жасайды. (Сәйкес аудио жазба ойнатылады.)

Дидактикалық ойын:


«Екі ашкөз аюдың күшігі»
- Суретте неше діңгек бар? Аю балалары? бұлттар?



Бірақ аспандағы ақ шеңбердің орнына біз қазір күнді саламыз.

Қарындаштарыңызды алып, шеңберді боя.

Енді біз аюларды тамақтандыруымыз керек.



Әрбір діңгекке табақ жапсыру.

Ірімшік шеңберін екіге бөліңіз. Содан кейін әрбір аюды тамақтандыру үшін әрбір жартысын бөлек табаққа жабыстырыңыз.

«Бөшкеге бал толтырыңыз»

Ол өте күшті және үлкен салмақты көтере алады.

«Ауыр жеңіл» эксперименті

Шарты: Қапшықтарды қолдарыңызға ұстап, қайсысы жеңіл, қайсысы ауыр екенін айтыңыз. Балаларға мақта мен малтатас салынған сөмкелер ұсынылады.

Дидактикалық ойын:

«Күшті цирк»

Түймелермен ойын

- Мына суретте цирктегі күшті адам ауыр гирлер мен штанганы көтеріп тұр. Түймелерді түсі мен өлшем бойынша ермексазбен әсемде





Сергіту сәті музыкамен.

Циркте

жаттықтырушылар әрқашан өздерінің үйретілген жануарларымен бірге өнер көрсетеді.

Дидактикалық ойын «Тордағы жануарлар»

Қойылымнан кейін жануарлар өз торларына оралады.

<p>созып, еденге отырады, сылдырмақтарды алдына қояды, қолдарын артына қойып еденді тірейді, аяқтарын бүгеді, аяғының ұшын сылдырмақтың қасына қояды. (4–5 рет қайталайды).</p> <p>5.«Сылдырмақпен билейік». Екі аяқпен секіреді және сылдырмақты сылдырлатады. (4- 5 ретқайталау).</p> <p>Негізгі қимыл түрлері:</p> <p>1.«Сылдырмақты қағып кетпе». Тепе-теңдікке арналған жаттығу – еденге қойылған тақтайша үстімен жүру.</p> <p>2.Сылдырмақтарды жол бойына сызылған текшелер ішіне қойы, бір-бірінің соңыңнан бір қатарға тұрып жүру. (Тәрбиешінің соңынан жүру, қайталаған кезде сылдырмақтар арасынан имектелген жолмен жүру. (2-3 ретқайталау)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Менің көңілді добым». Тәрбиеші қолымен доп лақтырған секілді қимыл жасайды Менің добым көңілді Қайда кеттің секіріп? Сары, ақ, көгілдір Қашпа менен секектеп, Тұра қалшы сен енді. «Тұра қалшы сен енді» деген сөздерден кейін бір баланың атын атап, «қағып ал!» дейді.</p>	<p>ойнағанды жақсы көреді. «Допты аюға домалат», «Доптарды түсі бойынша сұрыптап, шеңберге жина» жаттығулары («Үш аю» әніне).</p> <p>«Аюға арналған үй» дизайны</p> <p>Балалар құрылыс материалдарынан аюға үй салады.</p> <p>Тақпақ : Аю Сенген қайрат, күшіне Қоңыр аю-қорбаңбай, Жасыл тоғай ішінде Жүреді еркін қорғанбай. Балаларды мадақтау.</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: Сылдырмақтар әуені Қолымызда сылдырмақ, Сылдыр-сылдыр етеді. Аяғымызтопылдап, Өзібилепкетеді.</p> <p>Әнайту:«Сылдырмақ»(А. Тоқсанбаев,И.Сапарбай) Жаңаәндімузыкажетекшісіорындапбереді.Аспаптыңсүйемелдеуіменәнәуенінбіргеқосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнгеқосады.«Шар»(Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)</p> <p>Музыкатыңдау:«Сылдырмақ»(Е.Хасанғалиев,А.Асылбек) Ересектердіңорындауындағы әндімұқияттыңдау,дыбысбиіктігінажыратуғаүйрету.Әннің мазмұны мен көңіл</p>	<p>Шеңбер бойы маршпен жүру. Еркін жүру.(допты-себетке қою)</p> <p>Тыныс алу жаттығулары:«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.</p> <p>Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимылдарды орындау:</p> <p>1. Допты қақпа арқылы домалату (ені – 50 см) 1,5 метр қашықтықтан, допты қақпаның тура ортасынан домалату, домалатқаннан кейін қақпадан өту. Мәредегі сызықтан 1,5 метр қашықтыққа үш қақпа орналастырады.</p> <p>2.Кедергілер арасынан «жыландай» жорғалап өту (бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта орналасқан 4 модуль арқылы өту). Залдың қарсы жағына кедергілерді «жыландай» айналып еңбектеп өту</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:«Үш аю». Аюлардың қимыл-қозғалыста-рының ерекшеліктеріне назар аудартады.</p>	<p>суреті</p> <p>- Алдарыңызда бос бөшкелер жатыр. Оларды дәмді және пайдалы балмен толтырайық.</p>  <p>- Қылқаламдарды сары бояуға батырып, бөшкелерді балмен толтырыңыз - бөшкенің үстіне бояу.</p>	<p>Жануарларды торға салуға көмектесіңіз. Ұзын жирафты биік торға салыңыз, содан кейін зебра мен маймылға қолайлы торларды таңдаңыз.</p> <p>Дид ойын:«Пілдерді биіктікте орналастыр»</p> <p>Шарты: Балалар картоннан пілдердің үлкенінен кішісіне қарай суреттерін орналастырады.</p>  <p>Қим ойын:«Үйретілген жануарлар» жаттығуы Балалар, егер қаласа, жануарларға арналған қалпақтарды киіп, тәрбиеші-бағдарламашының бұйрығын орындайды: тұру, отыру, жату, жорғалау, отты құрсау сақинасына жорғалау, орындық бойымен жүру, кедергіден өту.</p> <p>Құрылыс материалынан құрылыс «Ат қоршаулары» Санағыштан балалар қоршаулар жасайды: аласа – бір сырықтан,</p>
---	---	---	--	---

	<p>Мысалы, «Мәдина , қағып ал!» дегенде, Мәдина допты қағып алуы керек.</p>	<p>күйін қабылдайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» (Н. Александрова (қайталау)). Ырғақты сезіне, мәнерлі, өзара қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруге үйрету. «Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отырақалу. Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Ән қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қош тасып, көңілді шығарып салу.</p>			<p>орташа – екі сырықтан, биік – бірінің үстіне бірін төселген үш сырықтан. Цирктегі жылан «Жылан» - Қорапты ашып, одан жыланды алыңыз. Жыланның ұзындығы қанша? Жылан ұзын. Жіпті тарт, жыланның қалай жорғалағанын көрсет. Еденге жайылған «жыланға» балалар кеуделерімен жатып, қолдары мен аяқтарын тербетеді, содан кейін аударылады, шалқасынан жатады, қолдары мен аяқтарын жоғары көтереді. Жыланның жүруі, жорғалауы, секіруі. Сендерге цирк ұнады ма? Біздің қайтатын уақытымыз болды. Сиқырлы таяқшаның көмегімен бақшаға қайту.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 8 «Қайтқан құстарды бақылау»	Картотека № 10 «Өзге топ балаларының іс-әрекеті»	Картотека № 11 Бұлтты бақылау.	Картотека № 15 Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау.	Картотека № 17 Ауа-райын бақылау
Серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен				

	жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз – «қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабакты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№5. "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	№7. «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
